

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
СПОРТ ЖӘНЕ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТІ
ЖАЛПЫ ДАМУДЫҢ ПӘНДІК МАМАНДАНДЫРЫЛМАҒАН МҰҒАЛІМДЕРІН
ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 1 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

29. 11.2022 жыл

Қатысқандар: АҚ төрағасы – п.ғ.к, доцент м.а. қауымд. профессор Е.Ауелбеков, АҚ мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының меңгерушісі, доцент С.Ақназаров, АҚ мүшесі, академиялық персонал - Бейнелеу өнері кафедрасының меңгерушісі аға оқытушы М.Шаханбаев, АҚ мүшесі, академиялық персонал- п.ғ.д., профессор Қ.Е.Ералин, АҚ мүшесі, академиялық персонал –Дене мәдениеті кафедрасының п.ғ.д., профессоры Б.Мухамеджанов, АҚ мүшесі, академиялық персонал – Бейнелеу өнері кафедрасының оқытушысы Г.Қасымбекова, АҚ мүшесі, академиялық персонал – Бейнелеу өнері кафедрасының аға оқытушысы Г.Д.Абдуллаева, АҚ мүшесі, академиялық персонал – Орындаушылық өнер кафедрасы, п.ғ.к., Ә.Б.Күздеубаева, АҚ мүшесі, академиялық персонал –Дене мәдениеті кафедрасының оқытушысы Н.К.Айменов, АҚ мүшесі, академиялық персонал – Орындаушылық өнер кафедрасының аға оқытушысы Р.Н.Ельжанова, АҚ мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының оқытушысы Б.Ж.Қуанышбаев, АҚ мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының аға оқытушысы Т.Б.Қасенов, АҚ мүшесі, жұмыс беруші өкілі –№24 мектеп директоры С.А.Құрақбаев, АҚ мүшесі, жұмыс беруші өкілі- Ж.Ташенов атындағы №23 ІТ – мектеп-дицейі КММ директоры Ж.Ж.Азретбергенова, АҚ мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Ататүрік атындағы №17 мектеп гимназиясы директоры Р.К.Урумова

Күн тәртібі:

1. АҚ жұмысын ұйымдастыру, Ережелерімен танысу, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу
2. Кадр даярлау нарығына талдау жүргізу
3. Университет түлектерінің моделін әзірлеу:
 - әдістемелік семинар, тренинг ұйымдастыру;
 - түлектер моделін әзірлеуге қатысу
- 4.Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастыру
5. Институционалдық аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеуге қатысу
6. ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру
7. Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау
8. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын жобалау
9. Қазан-қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АҚ төрағасы п.ғ.к, доцент м.а. қауымд. профессор Е.Б.Ауелбеков:

АҚ жұмысын ұйымдастыру, Ережелерімен танысу, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу, Кадр даярлау нарығына талдау жүргізу, Университет түлектерінің моделін әзірлеу, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және

жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығына орай Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау, Қазан-қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бойынша атқарылған жұмыстар

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, п.ғ.д., профессор Қ.Е.Ералин алды:

АК жұмысы ұйымдастырылып Жалпы дамудың пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша АК жұмыс және мәжіліс жоспары бекітілді, ережелермен таныстырылды, айта кетейік: №24 мектеп директоры С.А.Құрақбаев, жұмыс беруші өкілі - Ж.Ташенов атындағы №23 ІТ – мектеп-лицейі КММ директоры Ж.Ж.Азретбергенова, №15 М.Жұмабаев атындағы лицейінің директоры М.Божженов, Түркістан оқушылар сарайының директоры И.С.Икапова, Түркістан қолөнер мектебінің директоры Б.Жамалова, **Түркістан жоғары көпсалалы қол өнер колледжінің директоры А.К.Апбазовпен** кездесіп кадр даярлау нарығындағы талдау жұмыстары жүргізілді.

АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – №24 мектеп директоры С.А.Құрақбаев:

Кәсіби педагогикалық шеберліктерін ашу, түйсіктерін дамыту, ғылыми әдістерді қамтитын зерттеу, қолдану, сынау, тексеру, қорытындылау процестері аясында ойлау қабілетін арттыру бұл дағдыларды қалыптастыру керекпіз.

Заманауи педагогикалық әдістер және ғылыми зерттеу әдістері арқылы алынған осы дағдыларды білім беру мекемелерінде, педагогика саласында қолдану қажет. Педагогикалық және ғылыми зерттеу аясында қоғамның материалдық және рухани қажеттіліктеріне жауап бере отырып, жоғары деңгейдегі білімнің дамуын қамтамасыз ету, білімді де жауапты шебер педагогтармен құзыретті кадрларды дайындау керекпіз.

АК мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының п.ғ.д., профессоры Б.Мухамеджанов:

Пікірлеріңізге толық қосыламын. Ал Университет түлектерінің моделін әзірлеу жұмыстарына келетін болсақ. Өзіміздің түлектер қауымдастығы бар, қазіргі таңда бір қатар жұмыстар жүргізіліп жатыр. Ендігі жерде сайттарға қою мәселесімен айналысу керекпіз.

АК төрағасы п.ғ.к, доцент м.а. қауымд. профессор Е.Ауелбеков:

Құрметті АК мүшелері алда жұмыстар өте тығыз және ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.

Ендігі мәселе, қараша айында атқарылған жұмыстарды талқылайық. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығына орай Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау.

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, аға оқытушы Г.Д.Абдуллаева алды:

2023-2024 Оқу жылына ББ жаңартуға ББ пәндерінің жалпы саны өзгереді, Жоғары білім беру бағдарламасының мазмұны үш цикл пәндерінен тұрады – жалпы білім беретін пәндер (бұдан әрі – ЖБП), базалық пәндер (бұдан әрі – БП) және бейіндеуші пәндер. ЖБП циклі міндетті компонент (бұдан әрі – МК), жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК) және (немесе) таңдау компоненті (бұдан әрі – ТК) пәндерін қамтиды. БП және бейіндеуші пәндер циклдері ЖК және ТК пәндерін қамтиды.

АК мүшесі, академиялық персонал – Орындаушылық өнер кафедрасы, п.ғ.к., Ә.Б.Күздеубаева:

Бакалавриат – кемінде 240 академиялық кредит міндетті түрде меңгерілетін тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "бакалавр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі. БП және бейіндеуші пәндер циклі оқу пәндерін, кәсіби практикалардың түрлерін оқуды қамтиды және кемінде 172 академиялық кредитті құрайды делінген осы мәселені толықтай қарау керекпіз. Пәндерді біріктіру мәслесін ақылдасып шешімін қарайық.

АК төрағасы п.ғ.к, доцент м.а. қауымд. профессор Е.Ауелбеков: Құрметті АК мүшелері Өнер даярлау бағыты бойынша АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелерімен танысу, Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін құжаттар дайындығын тексеру нәтижесінде көрінетін болады. Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдауымыз керек. Енді оны талқыладық алда жұмыстар көп және ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.

Шешім: Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастырылды, Институционалдық аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеуге қатыстық, Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдалсын, Жалпы дамудың пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша әр БББ бойынша міндетті пәндер қайтадан талқыланып, жұмыс берушілермен сауалнама жүргізілсін, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспары бойынша Қазан-қараша айларында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:

п.ғ.к, доцент м.а. қауымд. профессор Е.Ауелбеков

Хатшысы:

аға оқытушы Г.Д.Абдуллаева